

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАҢА СТУДЕНТ ТҮЛҒАСЫ

ҚазҰУ-кредиттік жүйеге өткелі, біраз өзгерістерді өткеруде. «Ол не үшін қажет?» деген сұраққа бүгін жауап беріп көрейік.

Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы, Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы кредиттік оқыту технологиясының ендірілуіне жол ашты. Кредиттік оқыту жүйесін ендіру және оқыту жүйесін жетілдіру әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, оның ішінде еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді қажет етеді [1;66]. Қазақстанның Лиссабон Конвенциясына қол қоюы елімізді халықаралық бағдарламалар мен келісімдердің мүшесі етті. Болон процесіне қосылу еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жасауға әкелді. Бұл заң арқылы қазақстандық білім берудің жаңа мүмкіндіктері ашылды:

- адамдарға өздері қалаған жерде білім алу мүмкіндігін беру;
 - кез келген ұлттық білім беру жүйесімен сәйкес келуі;
 - жоғары білім берудің формалары мен бағдарламаларының барлық түрлерінде қолдануы (күндізгі, кешкі, қашықтықтан оқыту, сырттай);
 - халықаралық сынақ ауысымын жасау мүмкіндігі;
 - дипломдардың жалпыевропалық дипломдарға сәйкес келуі.
- Тәуелсіз елдің негізгі тірегі - білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты - білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру - қоғамның басты мәселесі. Ұстаздардың кәсіби даму үдерісін дамыту барысында ЖОО-ның даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған.

Ал шәкірт үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс-тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның болашағы зор болары анық.

**Каюмов Улугбек Садыржанұлы,
Қосжанова Ақнұр Рүстемқызы, Каликулов О.**

ҒЫЛЫМИ БАСЫПЫМДАР ЖАҢА

Бүгінгі жазылар тақырып, ғылымға байланысты болмақ. Қазіргі таңда ғылым қарыштап дамуда. Ғылымның арқасында адамзат тұрмысына, өміріне қажетті жаңалықтар ашылуда. Ал ғылымның әр саласы білімнің дамуымен тығыз байланысты.

Thomson Reuters-бұл ұғымды бірі білсе, енді бірі біле бермейді. Осы тұрғысында бұл мақаланы осыған арнағанды жөн көріп отырмын. Қазіргі таңда еліміз, жалпы әлем күн өткен сайын даму үстінде. Сол себепті, даму барысында бұндай бағдарламалар кімге де болсын керек. Енді бұл не база, деген сұрақ туындап отырған болар? Жалпы, ЖОО-на түскен студент төртжылдық білім алып, дипломын қорғап шығады. Сол дипломды жазарда ол ізденісте болады, яғни бірнеше ғылыми мақалаларды ақтарады, кітаптарды қарайды. Соның бәрін біріктіріп, өзінің нақты бір мәселесін жазып шығады. Енді сол мақалалар, басылымдар, жалпы негізгі кілт сөздерді басқа да тұлғалар қолданған ба, не болмаса сенің мақалаң өзгеніңкіне қатты ұқсас емес пе, деген сұрақ туындайды. Міне, осы тұрғыда Thomson Reuters базасы сізге көмектеседі. Ол жерге өзіңіз қай жерді, болмаса қай сөздің әлемде неше мақала болып жарық көргенің көргіңіз келсе, сол базаға жазып, іздеп көрсеңіз тауып берері сөзсіз.

Thomson Reuters жайлы қысқаша түсініктеме, міне осылай. Енді осы саланы студенттерге үйірме ретінде ашып, осымен нақты айналысып, ібраз адамға көп көмегін тигізіп жүрген адамдар бар. Ол кісілер кімдер? Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-техникалық факультетінің аяулы ұстаздары Белисарова Фарида Бексұлтанқызы және тағы да басқа кафедра ұстаздары осы салада үйірме ашып, студенттерге пайдасын көрсеткен болатын. Бұл, әрине, көңілге қонымды дүние. Себебі, жастар біздің болашағымыз, олардың білімді, жігерлі болуы біздің берген тәрбиеміз бен біліміміздің арқасында деп білемін.

Сол үшін мұндай үйірмелер, жастарға арналған шаралардың көптеп болғаны абзал. Болашаққа үлкен үмітпен қадам басудың өзі осындай кішкене бастамалардан құралады. Сол үшін еш өкініссіз алға қарай жүрген жөн.

**Жакипова Мәдина Алмасқызы,
Қыдырбай Наргиз Русланқызы, Абишев М.Е.**

ТҮРЛІ ҮЙІРМЕЛЕР НЕГЕ ҚАЖЕТ?

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі - білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан - ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл - ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз - алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов. Осы тұрғыда, білім алудың тағы бір жолы Үйірмеге қатысты тоқталып өтсек. Соның ішіндегі қара шаңырақта өзіміз білетін бір үйірмені атап өтсек.

Соңғы жылдары ғалымдар жоғары организмдердің гендерін бактериялар мен ашытқы саңырауқұлақтарының организмне енгізуді іске асырды. Сонынан оларды ақуыз синтездеуге пайдаланды. Мысалы, инсулин генін осылайша «жұмыс істеткізді». Адам инсулин ең алғаш рет Е. coli деген бактерияның көмегімен 1982 жылы алынды.

Осылайша бір типтегі организмнен алынған генді басқа типтегі организмге енгізуді гендік инженерия деп атайды. Жоғарыда айтылған ипсулин, өсу гормо-

ны - соматотропин, сондай-ақ гемофилия ауруына қолданылатын VIII фактор - гендік инженерияның өнімдері. Қазіргі кезде гендік инженерияның көмегімен түрлі жұқпалы ауруларға қарсы вакциналар өндіріле бастады.

Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі М.Ә. Айтхожин жасушалық макромолекулалардың (нуклеин қышқылдары мен ақуыздың) синтезі саласында өте маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Міне, осы және басқада қызықты мәліметтер өте көп. Себебі, қазіргі таңда бұл сала өз дамуын жалғастыруда. Шешілмеген мәселелер көп. Сол тұрғыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұстаздары Тауенова А. С., Мырзақұл Т. Р өз жұмыстарын жасаған болатын. Онымен қоса, студенттерге осы саланы түсіндірген болатын. Осындай игі бастамалар жасаған әрбір ұстазға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

**Нұрлан Камила, Орысбаева Дана,
Жаугашева С.А.**

ІШКІ ӘЛЕМНІҢ ЖАҢАРУЫ

Рухани жаңғыру - адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән салтанатты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұртартпас айғақ болып табылады.

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір», - дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық-саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.

Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік ас-

панында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «...Біздің балаларымыз бен немерелеріміз... бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді... Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Сонымен қоса, тағы бір айта кетерлік жағдай бүгінгі таңда қара шаңырақ ҚазҰУ студенттерінен өзіміздің күтер үмітіміз орасан зор. Себебі олардың бойындағы қайсарлықты, шабытты, ұмтылысты көргенде, осы жастар біразды таңқалдырар адам болады дейміз.

**Сайлюбек Мадияр, Сейфулла Дильда,
Жаугашева С.А.**

ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ КӨП

Жалпы салыстырмалылық теориясында кеңістік пен уақыт қатынастарының материалдық процестерге қатысының жаңа жақтары ашылды. Жалпы салыстырмалылық теориясы инерциялық және гравитациялық массалардың эквиваленттік принципінен шығады. Атап айтқанда, массалардың эквиваленттік принципінің негізінде салыстырмалылық принципі қалыптасты, ол жалпы салыстырмалылық теориясында табиғат заңдарының инварианттылығын бекітті.

Жалпы салыстырмалылық теориясының фантастикалық болжамдарының бірі - өте күшті тартылыс өрісінде уақыттың толық тоқтайтындығы туралы. Тартылыс күші артқан сайын уақыттың баяулауы да күшейе түседі. Уақыттың баяулауы жарықтың гравитациялық қызыл орын ауыстыруы арқылы байқалады да, толқындар ұзындығы артқан сайын оның жиілігі азая береді. Белгілі бір жағдайда толқын ұзындығы шексіздікке, ал жиілігі нөлге ұмтылады.

Міне, бұл теорияны айтар болсақ, ары қарай біраз мәселелердің туындауы анық. Қазіргі таңда физикадағы шешімін таппаған біраз мәселелер осы салада десек артық айтқанымыз емес. Сол себепті қара шаңырақ ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің теориялық және ядролық физика

кафедрасының ұстаздары Тауенова А.С. және Бошкаев Қ. осы салада өздерінің үйірмелерін ұйымдастырып жасаған еді. Ол үйірменің мақсаты қайсы деген сұрақ туындаса, ол былай дер едік.

Қазіргі таңда шешімін таппаған мәселелер өте көп. Соның бірі ол жалпы салыстырмалық теориясындағы кейбір мәселелері іспетті. Бұл үйірмені ашудағы мақсат, студенттермен осы тақырып тұрғысында әңгіме өрбітіп, олардың мақсаттарын шыңдай түсіп, келешекте еліне елеулі азамат ретінде қалыптастыра білу. Осы тақырып аясында біраз мағлұматтар жинап, өзіміздің білгенімізді жастарға үйретер болсақ, олар ертеңгі күн осы шешілмеген мәселелерді анықтайды деген үлкен үміт ойда жатыр. Сол себептен айтарымыз, алға мақсат қоя біліп, тек қойып қана қоймай соған қарай ұмтыла білсек, ол біз үшін үлкен белес, үлкен жетістік. Мақсатқа деген жүз қадамның бірін орындадық деп үйретсек, ертеңгі күн жүзіне де қол жеткіземіз деген үміттеміз. Жастардан күтер үміт өте көп. Сол үшін аянбай тер төгіп, ел сенімін ақтайтын азамат пен азаматшалар өсе берсін деген тілекпен, өз сөзімізді қорытындыламақпын.

**Серікқазыева Шырын,
Таукебаев Жеңіс, Каликулов О.**